

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 қаңтарда № 12948 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 49) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру туралы " Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 26 қазандағы № 535 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1031 болып тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, Көліктегі полиция департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты ішкі істер органдары жеке құрамының зерделеуін қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

Ішкі істер министрлігінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1097 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ережесіне сәйкес әзірленген.

2-тарау. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністер қызметінің мақсаты әйелдердің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ оларға қатысты құқық бұзушылықтар деңгейін төмендету болып табылады.

3. Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөліністер:

1) әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделеріне құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз етуді;

2) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту және олардың жолын кесу мәселелерінде ішкі істер органдары бөліністерінің қызметін үйлестіреді;

3) әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықты ескерту және алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

4) құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілерімен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп тұрмыстық зорлық-зомбылықты ескерту және әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою саласында бағдарламалық құжаттарды әзірлеуді және іске асыруға қатысуды;

5) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша халыққа құқықтық көмек көрсетуді;

6) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу нысандары мен әдістерін жетілдіру, сондай-ақ олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюды жүзеге асырады.

4. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністер қызметкерлерінің жұмысы Полиция департаменті және Көліктегі полиция департаменті (бұдан әрі – ПД, КПД), қалалық, аудандық орган бастығының әкімшілік полицияға жетекшілік ететін орынбасары бекіткен тоқсандық жоспарларға сәйкес ұйымдастырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қойылған міндеттерді іске асыру кезінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністердің қызметкерлері:

1) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту және алдын алу мәселелерінде ішкі істер органдары бөліністерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

2) зорлық-зомбылық нысандары, түрлері мен тәсілдері туралы мәліметтерді жалпылайды және талдайды;

3) әйелдерге қатысты жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды талдауды жүзеге асырады;

4) өзге де құқық қорғау органдарына және биліктің жергілікті атқарушы органдарына, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерге зорлық-зомбылықты ескерту жөніндегі проблемалық мәселелерді қарау туралы ұсыныстар енгізеді;

5) зорлық-зомбылық көріністеріне байланысты құқыққа қарсы әрекеттерді жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдайды, сондай-ақ оларды жою бойынша шаралар қабылдайды;

6) әйелдердің ар-ожданы мен абыройына, оның отбасының шырқын және қоғамдағы беделін бұзуға қол сұғатын бұқаралық ақпарат құралдарындағы ашық жарияланымдарға уақтылы ден қояды;

7) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту және жолын кесу мәселелері бойынша ішкі істер органдарының бөліністерімен және басқа да құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

8) заңнаманы түсіндіреді, ішкі істер органдарының жеке құрамымен зорлық-зомбылықты жасаған адамдарға мәжбүрлеу шараларын қолдану тетігі бойынша сабақтар мен тренингтерді ұйымдастырады және жүргізеді;

9) зорлық-зомбылық көріністеріне байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды ескерту мәселелері бойынша жүйелі түрде халық алдында, бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлейді;

10) мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерде олардың құзырына кіретін мәселелер бойынша ішкі істер органдарының атынан өкілдік етеді;

11) құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілері және мемлекеттік емес ұйымдар жүргізетін ақпараттық-насихаттық іс-шараларға қатысады;

12) әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ИМ), ПД, КПД, қалалық, аудандық органның әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністері қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыруға жауапты лауазымды адамдарына:

1) аумақтық ЖПҚ бөліністерінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі қызметкерлерінің қызметіне ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық ету, оларға практикалық көмек көрсету, олардың заңдар мен өзге нормативтік құқықтық актілер талаптарын орындауын бақылау;

2) әйелдердің құқықтары мен мүдделерін қорғаумен айналысатын мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасуды қамтамасыз ету;

3) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты анықтау мен оның жолын кесу жөніндегі жедел-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

4) әйелдерге қатысты жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жай-күйіне, құрылымына, динамикасына талдау жүргізуді жүзеге асыру, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияға, барлық деңгейдегі

құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияға және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға ақпараттар дайындау;

5) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден алынған статистикалық деректерді жалпылау және талдау;

6) ІІМ-нің, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, Көліктегі ПД ЖПҚ-ның жедел кеңестерінде қарау үшін материалдар дайындау, сондай-ақ әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту мен оның жолын кесу жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жақсартуға бағытталған ұсынымдарды, әдістемелік ұсынымдарды, шолулар мен басқа да басқару шешімдерін дайындау;

7) ІІМ, ПД, Көліктегі ПД-нің мүдделі қызметтерімен бірлесе отырып, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністердің қызметкерлерін іріктеуді, орналастыруды, тәрбиелеуді мен кәсіби шеберлігін арттыруды жақсарту жөніндегі жұмысты жүргізу;

8) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың және әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою саласындағы заңнаманы жетілдіру процесіне қатысу жүктеледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністер қызметінің нәтижелері туралы есеп

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі аумақтық бөліністер қызметінің нәтижелері туралы тоқсан сайынғы ақпарат баяндау жазбамен ресімделеді, ол есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 5-і күніне ПД, КПД-ге ұсынылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жиынтық баяндау жазбалары есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 10-ы күніне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетіне жолданады. Баяндау жазбаға қызметті жетекшілік ететін ПД, КПД бастығының орынбасары қол қояды және мынадай қызмет бағыттары бойынша ақпаратты қамтуы тиіс:

1) қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды баяндай отырып, әйелдерге қатысты қылмыстардың, қылмыс жасаған адамдардың мінездемесін және зорлық-зомбылыққа ұшыраған жәбірленушілер санаттарының жай-күйін талдау;

2) отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша статистикалық мәліметтерді және әйелдердің құқықтары, мүдделері мен еркіндіктеріне қол сұғатын адамдарға қатысты қабылданып жатқан профилактикалық шараларды талдау және жинақтау;

3) тексеру нәтижелерін жинақтай отырып, әйелдердің суицид фактілеріне талдау жасау;

4) зорлық-зомбылық құрбандарының конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасу туралы;

5) әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөніндегі қабылданып жатқан шаралар туралы;

6) зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету мәселелері бойынша дағдарыстық орталықтармен өзара іс-қимыл жасасу туралы;

7) халыққа құқықтық және психологиялық көмек көрсету туралы;

8) сауалнама жүргізу арқылы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты зерттеу бойынша жұмыс туралы;

9) ішкі істер органдарының басқа бөліністерімен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың жолын кесу бойынша өзара іс-қимыл жасасу туралы.

Ішкі істер министрлігіне жолданатын жиынтық баяндау жазбада әрбір санамаланған тармақшалар жеке блокпен ұсынылуы тиіс.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністердің жұмыс нәтижелері тоқсан сайын ПД, Көліктегі ПД бастығы немесе олардың орынбасарлары жанындағы жедел кеңесте қаралады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.